



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Әскери борышын өтеген азаматтар қай ЖОО-да тегін білім алады?

ҚР Қорғаныс министрлігі мен жоғары оқу орындар арасында келісім жасалды. Енді 2023 жылдан бастап жоғары білім гранттарын алу мүмкіндігі әскери қызмет барысында ерекшеленген қазақстандықтарға қолжетімді болады, деп хабарлайды Egemen.kz.

Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықов. Кафедра 50-ден астам жоғары оқу орындарымен әскери қызметшілерге білім беру бойынша жеңілдіктер туралы келісімдер жасады. Келісімдер 2023 жылдан бастап күшіне енеді. Қорғаныс министрлігі мұн-



«Қол қойылған келісім әскерилерді армиядан кейін әлеуметтендірудің бір механизмі. Біріншіден, жоғары оқу орындарына өздерін жақсы жағынан көрсетіп, мұқият іріктеуден өткендер келеді. Екіншіден, оқу орындарына баратындар – армия мектебінен өткен жастар. Мықты, төзімді, тәртіпті балалар студенттерге батылдық пен дербестіктің үлгісі болады», деді

дай мүмкіндік әскери қызметтің беделін арттырып, азаматтардың оны өтеуге деген ынтасын арттырады деп есептейді. Бұл туралы Ректорлармен болған кездесуде хабарлады. Жиынға Қорғаныс министрінен өзге жоғары оқу орындарының ректорлары, Бас әскери прокурор Дастан Секенов, Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек қатысты.

БАҚ туралы заңға қандай өзгерістер енгізіледі

Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңға енгізілетін өзгерістер жайлы айтты, деп хабарлайды Egemen.kz.

Министрдің айтуынша, ғаламтордағы жалған ақпарат ағыны қоғамдық пікірге әсер етеді. Мұндай жағдайларда ақпаратты жинау, талдау және тарату үлкен жауапкершілік жүктейді. Сондықтан, АҚДМ басшысының айтуынша, журналистика мен БАҚ-тың басты миссиясы - ақпаратты саналы түрде жариялау, аудиторияны дәлелденген деректерге сенуге шақыру.

«Министрліктің тікелей міндеті - БАҚ мектептерін ашу, медиа сауаттылық саласында білім беруді қалып-

тастыру. Бірқатар бірлескен шаралар қабылдануы керек, фактілерді тексеру, ақпаратты талдау, мазмұнның шығу тегін тексеру, тарату алдында мазмұнды «сүзгіден» өткізетін критерийлер жасау сияқты бірнеше кезеңнен тұратын оқыту жүйесін құру қажет. БАҚ туралы заң жобасындағы кейбір жаңалықтар осыған байланысты болады», деп атап өтті Дархан Қыдырәлі Astana Media Week аясында.

Оның пікірінше, жалған ақпаратпен күресу үшін аудиторияны сенімді дерек іздеуге, медиа сауаттылықты арттыруға, жалған ақпаратты дәлелденген ақпараттан ажыратуға үйрету қажет.

«Егемен Қазақстан» газетінен.



Қасым-Жомарт Тоқаев Мемлекеттік ту көтеру рәсіміне қатысты

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен «Ақорда» резиденциясының алдында Республика күніне арналған Мемлекеттік ту көтеру рәсімі өтті, деп хабарлайды Egemen.kz Президенттің баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Рәсім барысында Құрмет қарауылының бастығы Мемлекет басшысына рапорт берді. Кейін Президенттің бұйрығымен еліміздің Мемлекеттік туы көтеріліп, әнұран орындалды.

«Биыл ұлттық мереке ретінде қайта жаңғырған Республика күнін ел көлемінде атап өту осындай салтанатты шарамен басталды. Мемлекеттік ту көтеру рәсімі өңірлерде де жалғасады», делінген хабарламада.



Ұлттық қордың активтері 100 млрд долларға дейін ұлғаяды

26 қазанда Республикалық қоғамдық штабта Қазақстан Республикасының Президентіне кандидат ретінде сөз сөйлеген Қасым-Жомарт Тоқаев жеті жыл ішінде шамамен 150 млрд доллар тікелей шетелдік инвестиция тарту жоспарланғанын мәлімдеді, деп хабарлайды Egemen.kz.

Мемлекет басшысы Ұлттық қордың активтері 100 млрд долларға дейін ұлғайтылатынын атап өтті.

«Қазақстан халқына тиесілі барлық нәрсе оның мүдделеріне қызмет етеді. Ол үшін біз қорды тиімді басқаруды қамтамасыз етеміз, оның инвестициялық табысын арттырамыз», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, елімізде өңдеу секторын нығайту, инфрақұрылымды жаңғырту, энергетикалық қуаттарды арттыру бірінші ке-

зектегі міндет болмақ.

«Біз аграрлық салаға қуатты серпін береміз, өнеркәсіптің базалық салаларын күшейтеміз және жоғары қайта бөлу өнімдерін шығаратын жаңа салалар құрамыз. Біз теңгерімді және ашық салық, бюджет, ақша-несие және тарифтік саясатты жүргізетін боламыз. Инфляцияны тежеу үшін жүйелі шаралар қабылдауымыз керек», деп атап өтті Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Кемелұлы атап өткендей, дәл осындай экономика халқымыздың әлауқатының тұрақты өсуінің негізі болады.

Сондай-ақ Президент 2025 жылдан бастап инфляция деңгейіне байланысты ең төменгі жалақыны ұлғайту тетігі енгізілетінін қоса

айтты.

«Шағын және орта бизнесте жұмыспен қамтылғандар саны 4,7 млн адамға жетеді», деді Қ.Тоқаев.



2022 жылғы 20 қарашада Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауы өтеді

Қазақстан Республикасы Президентігіне
кандидатты қолдап қол жинау

Президенттікке кандидатты қолдау үшін:

Сайлаушылардың кандидатты қолдауы олардың қол жинауы арқылы расталады.

Президенттікке кандидатты облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және Республика астанасының кем дегенде үштен екісінің атынан теңдей өкілдік ететін сайлаушылардың жалпы санының кем дегенде бір проценті қолдауы тиіс.

Қол жинауды сенім білдірілген өкілдер ұйымдастырады және қол қою парақтарымен ресімдейді.

Кандидаттың талаптарға сәйкестігін тексергеннен кейін Орталық сайлау комиссиясы екі күннен кешіктірмей қол қою парағының үлгісін бекітеді.

Әрбір қол қою парағының рет нөмірі болуы тиіс. Сондай-ақ параққа кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты мен оған сенім білдірген адамының қолы, қол жинаушының тегі, аты, әкесінің аты, қол жинаған елді мекеннің атауы және қол қойған адамдар туралы мәліметтер енгізілуі тиіс.

Қол жинаушы адам жұмыс барысында кандидаттың сенім білдірген адамының тіркелгені туралы куәліктің көшірмесін көрсетуге тиіс.

Толтырылған қол қою парақтары аумақтық сайлау комиссияларына тапсырылады.

Аумақтық сайлау комиссиясы қойылған қолдардың растығын 5 күн ішінде анықтайды, тиісті хаттаманы ресімдейді және оны Орталық сайлау комиссиясына жолдайды.

Қойылған қолдардың дұрыстығын тексеру Президенттікке кандидатқа қажетті нақты қойылған қолдар саны анықталғанға дейін жүргізіледі.

2022 ЖЫЛ 20 ҚАРАША

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ



ӘР АЗАМАТТЫҢ ДАУЫСЫ
МАҢЫЗДЫ

20 ҚАРАША 2022

Қазақстан Республикасының Президентігіне кандидатқа қойылатын талаптар туралы

Кандидат тумысынан Республика азаматы болып табылатын;

40+ | Қырық жасқа толған;

Мемлекеттік тілді еркін меңгерген;

Қазақстанда соңғы он бес жыл бойы тұратын;

Жоғары білімі бар;

Мемлекеттік қызметте немесе сайланбалы мемлекеттік лауазымдарда кемінде 5 жылды құрайтын жұмыс тәжірибесі бар;

Белсенді сайлау құқығына ие азамат болуы тиіс.

Кандидаттарды республикалық қоғамдық бірлестіктер ұсынады.

Кандидаттарды ұсыну
2022 жылғы 11 қазан сағат 18:00-де аяқталады.
Кандидаттарды тіркеу
2022 жылғы 21 қазан сағат 18:00-ге дейін.

Созақ ауданы тұрғындарының назарына!



2022 жылғы 20 қарашада өтетін Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауында дауыс беруге арналған өзінің сайлау учаскесі туралы қажетті ақпарат алу үшін Telegram мессенджерінде арнайы бот іске қосылды (https://t.me/tur_saylaw_bot) және Түркістан облысы әкімдігінің ресми сайтында жарияланды (<https://tur.saylaw.kz>).

Осы құралдардың көмегімен Сіз 2022 жылғы 20 қарашада өтетін Қазақстан Республикасы Президентінің сайлау күні дауыс бере алатын сайлау учаскесі туралы толық ақпарат (нөмірі, мекен жайы, байланыстары) ала аласыз.

Қосымша сұрақтар болған жағдайда 109 Call-орталығына хабарласуға болады. 109 Call-орталығы 24/7 режимінде жұмыс істейді.

2022 жылы 20 қарашаға тағайындалған Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауына тіркелген кандидаттардың ауылдық округтер мен кенттердің сайлаушыларымен кездесулер КЕСТЕСІ

р/с	Ауылдық округтер мен кенттерінің атаулары	Елді мекен атауы	Мерзімі	Кандидаттарға сайлаушылармен кездесу үшін бөлінген үй - жай	Уақыты
1	Шолаққорған ауылдық округі	Балдысу елді мекені	27 қазан 2022 жыл	Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Жамбыл атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	11:00
		Шолаққорған елді мекені	27 қазан 2022 жыл	Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің "Мыңжылқы мәдениет сарайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	15:00
		Абай елді мекені	27 қазан 2022 жыл	Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "А.Иманов атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	17:00
2	Қымкент ауылдық округі	Қымкент елді мекені	28 қазан 2022 жыл	Ауылдық мәдениет үйі	10:00
3	Жартытөбе ауылдық округі	Жартытөбе елді мекені	28 қазан 2022 жыл	Ауылдық клуб	15:00
4	Шу ауылдық округі	Шу елді мекені	31 қазан 2022 жыл	Ауылдық клуб	10:00
5	Тасты ауылдық округі	Тасты елді мекені	31 қазан 2022 жыл	Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Абай атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мәжіліс залы	12:00
6	Жуантөбе ауылдық округі	Жуантөбе елді мекені	31 қазан 2022 жыл	Ауылдық клуб	15:00
7	Қыземшек кенті	Қыземшек кенті	31 қазан 2022 жыл	Мәдени – сауықтыру кешені	17:00
8	Қаратау ауылдық округі	Қаратау елді мекені	01 қараша 2022 жыл	Ауылдық клуб	10:00
9	Қарақұр ауылдық округі	Қарақұр елді мекені	01 қараша 2022 жыл	Ауылдық клуб	12:00
10	Созақ ауылдық округі	Созақ елді мекені	01 қараша 2022 жыл	Мәдени – сауықтыру кешені	15:00
11	Сызған ауылдық округі	Сызған елді мекені	02 қараша 2022 жыл	Ауылдық клуб	10:00
12	Таукент кенті	Таукент кенті	31 қазан 2022 жыл	Мәдени – сауықтыру кешені	12:00

Қоғамдық кеңесте есептері тыңдалды

Қазан айының 19 күні аудандық қоғамдық кеңесте Шолаққорған ауылы әкімі мен аудан әкімдігіне қарасты бірнеше бөлімдердің 2022 жылдың 9 айлығында атқарылған жұмыстарының есебі тыңдалды. Аудандық мәслихаттың мәжіліс залында өткен есеп беру жиынына аудан әкімдігі құрылыс бөлімінің басшысынан бас-

аса бұған дейінгі бағадан аса қымбатқа түспейтінін сандармен дәлелдеп берді. Нәтижесінде, қоғамдық кеңес мүшелерінің бұл мәселеге байланысты күмәндары сейіліп, бөлім басшына рахметтерін айтып жатты.

Мұнан әрі есеп беруге аудандық ЖКХ бөлімінің басшысының міндетін уақытша атқарушы Дәулет Құдайбер-

деп, нақты фактілер болмаған соң ауыз-екі айыптаудың дұрыс болмайтынын қоғамдық кеңестің мүшелері де, қоғам жанашырлары да жақсы түсінеді. Бөлімге жаңадан келген Дулат Еаслыұлы да осыны жоспарлағандай, қарамағындағы бөлімше басшылары мен тиісті сала мамандарын да жіпке тізгендей ерте келген



қасының бәрі келіп қатысты. Қоғамдық кеңестің мүшелерінің көпшілігі келген бұл басқосуға аудандық БАҚ өкілдері де қатысып отырды. Есепті жиынды аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Мұрат Сапаров сөз сөйлеп ашты және бүгінгі басқосудың мақсаты алдынала хабарланғандықтан көп сөзбай бірден бөлім басшыларының есебін тыңдауға көшуге ұсыныс жасады. Қоғамдық кеңестің мүшелері төрағаның ұсынысын бірауыздан қабылдап, іске кірісіп кетті. Сонымен, әуелгі болып аудандық аурухананың басшысы Бақытжан Мырзақелдиевтің есебі тыңдалатын болды. Жалпы, мұнан алдын қоғамдық кеңестің мүшелері жергілікті БАҚ-тың қатысуымен аудандық ауруханаға барып, онда атқарылып жатқан жұмыстардың жай-жапсарымен танысып қайтқандықтан баяндама тыңдамай-ақ, бірден сұрақ-жауапқа көшуді жөн көрді. Не керек, барлық сұрақтарға тұщымды жауап алған қоғамдық кеңес аудандық аурухананың басшысының жұмысын жақсы бағалап, есебін бірауыздан қабылдады. Әрине, жұмыс болған жерде кемшіліксіз болмас, дегенмен, жаңа басшы келгені бері аудандық медицинаның көші ілгерілей бастағанын Созақ қоғамы көріп, естіп, біліп жүр. Аудандық басылымының тілшісі ретінде әрі ауылдық Парасаттың төрағасы ретінде мен де Бақытжан Мырзақелдиевтің жұмысын оң бағалаймын.

Әрі қарай мінберге аудандық қаржы бөлімінің басшысы Ербол Айдарбеков көтеріліп, қоғамдық кеңестің мұнан алдыңғы отырыстарының бірінде көтерілген аудан көлеміндегі тұрғылықты жерлерді бағалап, коэффицентін шығару мәселесі бойынша өзіне тиесілі сауалдарға жауап берді. Ауданның бас қаржыгері ретінде қоғамдық кеңестің аталған мәселеге қатысты қоғамның алаңдауы негізсіз екенін, мейелі тұрғын үй болсын, мейлі кәсіпкерлік бағыттағы нысандағы жерлердің болсын белгіленген бағасының

генов шақырылды. Бұл бөлімнің осы тоғыз ай ішінде атқарылған жұмыстарының жай-жапсарына алдын-ала қаныққан кеңес мүшелері бұл жолы да сауалдар беріп, нақты жауаптар алуы және әрбір мәселе бойынша ұсыныс-пікірлерін айтуға қарар алды. Солай болды да, сұрақ-жауап, ұсыныс-пікірлер арқылы бөлімнің осы тоғыз айда атқарылған жұмыстарына оң баға беріліп, алдағы уақыттарда атқарылатын жұмыстарымен танысты.

Есеп беруге келген бөлімдердің бірі аудандық ішкі істер бөлімі еді. Басшысы Жасұлан Нысанбаев та басшылыққа жаңа келгендіктен және аудан көлемінде қозғалған қылмыстардың ашылуы жөніндегі көрсеткіштері жоғары болғандықтан бұл азаматқа да бірер сұрақ қойылып, ұсыныс-пікірлер айтылды. Алайда, алдағы уақыттардағы есеп бұлай болмайтынын, айтылған ескертпелер бойынша нақты нәтижелер күтетіндіктерін де ескертуді ұмытпады. Есебі тыңдалды, қоғамдық кеңестің назарында қабылданды деп қарар берді.

Мұнан соң есеп беру үшін мінберге Шолаққорған ауылының әкімі Әділ Елібаев көтерілді. Әділ Камалханың өткен 9 айдағы атқарылған жұмыстарының есебінің электронды нұсқасын алдын-ала қарап, қанығып шыққан қоғамдық кеңес мүшелері бұл жолы да уақытты өлтірмей, нақты сұрақтарға жауап алуы ұйғарды. Сұрақ-жауап түріндегі есеп көңіл көншітерлік деп бағаланып, қабылданғаны жайында қол көтеріп баға берді.

Ең соңынан есеп беруге шыққан аудандық Халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қолдау бөлімінің су жаңа басшысы Дулат Байзақовқа жаңа қызметінде табыс тіленіп, мойнына үлкен жауапкершіліктің артылғаны ескертілді. Себебі, халық арасында нақ осы бөлімнің жұмысына қатысты ауызша арыз-шағымдар көп екендігі де айтылды. Әрине, орыстар айтпақшы «Ұсталмаған ұры есептелмейді»-

көрінеді. «Сыбырлағанды Құдай естімейді ме?» дегенді басшылыққа алған қоғамдық кеңес мүшелері «Жел тұрмаса шөптің басы қимылдамайды» дегенді ескертуді де ұмытпады. Әсіресе, жұмыссыз жүрген 29 жасқа дейінгі жастарға, көпбалалы аналарға және мүгедектері бар азаматтарға берілетін бір реттік 1225 мың теңгелік мемлекеттік грант, жұмыссыз азаматтарды қоғамдық жұмысқа тарту және зейнеткерлерді демалыс орындарына жіберу жұмыстарына қатысты түрлі алып қашпа сөздердің қоғамды кезіп жүргенін. Міне, осындай нақты фактілері болмаса да қоғамда талқыланып жүрген жүгенсіздіктер жөнінде бөлім ішінде қызметтік тексерістер жүргізіліп, қажет болған жағдайда қызметкерлерінің қызметін ауыстыру қажет пе дегендей де ұсыныс пікірлер айтылды. Дулат Байзақов өзінің бұл бөлімнің басшылығына жаңадан келгенін тағы да алға тартып, алдағы уақыттарда қоғамның, қоғамдық кеңес мүшелерінің сын-ескертпелерін ескеріп, ұсыныс-пікірлерін ой елегінен өткізіп, тиісті шешім алатынына көпті сендірді. Бұл бөлімнің есебі де тыңдалып, қабылданды деген қарар алынды.

Міне, бас аяғы 5 сағатқа созылған Шолаққорған ауыл әкімі мен аудан әкімдігі бөлім басшыларының бұл күнгі есебі осы рәуіште өтті. Әрине, бұған дейінгі есеп беру жиындарынан өзгеше әрі ұзаққа созылған қоғамдық кеңестің отырысы жайлы мұнан да ашық, толыққанды ақпарат беруге болар еді. Бірақ, газетіміздің бұл саны оны көтермейтін болғандықтан алдағы уақыттарда есебі тыңдалған ауыл әкімі мен бөлім басшыларының алдағы уақытта атқарылар жұмыстары жайлы жеке сұхбат жасауды ұйғардым. Міне, сол сұхбаттарда қоғамның көкейінде жүрген түрлі сауалдарға жауап алып, халықтың ұсыныс-пікірлерін қызметшілеріне жеткіземіз деген үміттемін!

Данияр БЕК.

Алғаш рет Республика күні мемлекеттік мереке болып 1995 жылы қазанда жарияланды. Бұл жарлыққа Тұңғыш Президентіміз қол қойып, 25 қазан-Республика күні ресми түрде жарияланған болатын. 2009 жылы қолданыстағы заңға өзгерістер енгізіліп, 30 тамыз - Қазақстан Республикасының Конституциясы күні, ұлттық мереке болып жария етілді. Ал Республика күні мемлекеттік мерекелер тізімінен алынып тасталған болатын.

Ағымдағы жылдың 16 шіл-



РЕСПУБЛИКА КҮНІ салтанатты түрде аталып өтті

десінде Ұлттық Құрылтайда Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық мереке мәртебесін Республика күніне қайтаруды ұсынды. Заңмен бекітілді.

Күні кеше Республика күніне орай Түркістанда «Жаса, жайна Қазақстан!» атты салтанатты, мерекелік іске шара болып өтті.

«Қыран елім-Қазақстан» хореографиялық-сазды театрландырылған қойылыммен ашылған мерекелік кеште ұлттық мерекенің мән-мазмұны жан-жақты айшықталды. Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды көпшілікті Республика күнімен құттықтап, тәуелсіздіктің баға жетпес құндылық екенін айтты. –Баршаңызды Республика күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Бұл мерекенің мәні айрықша. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлытауда өткен бірінші құрылтайда Республика күніне ұлттық мере-

ке мәртебесін қайтаруды ұсынды. Биыл, 25 қазан – ұлттық мерекеге айналып, Республика күні болып бекітілді. Әлемде тілі, діні, мәдениеті бар болса да, тәуелсіздік ала алмай жүрген ұлттар көп. Бұл ретте басқа қонған бақты бағалаған жөн. Қазақстан Республикасының тұрақтылығын сақтау, дамыту – баршамыздың міндетіміз. Мызғымас бірлік пен ізгі тірлігіміз арқылы Жаңа Қазақстанды дамытуға атсалыса берейік. Түркістанымыз түрленіп, Қазақстанымыз гүлдене берсін! – деген Дархан Сатыбал-

ды елді дамытуға үлес қосқан бір топ азаматқа мемлекеттік марапаттарды тапсырды. Атап айтсақ, Түркістан өңірінің еңбегімен дараланған азаматтарына «Парасат», «Құрмет», III дәрежелі «Еңбек Даңқы» ордендері ұсынылды. Сонымен бірге «Ерен еңбегі үшін», «Ерлігі үшін», «Шапағат» медалдары мен Құрмет Грамоталары да өз иелерін тапты. Республика күніне арналған салтанатты жиында облыс әкімі өңірде атқарылған жұмыстарға тоқталып, алдағы жоспарларды да баяндады.

Тәуелсіздігіміздің арқасында еліміз өркендеп, тарихымыз дәріптелді. Соның бір дәлелі – Түркістан облысының құрылуы.

Біздің ауданымыздан айтулы салтанатты жиынға аудан әкімі Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлы бастаған бір топ делегаттар қатысып, арасынан ауданымыздың Құрметті азаматы, ардагер дәрігер Ар-



ынбеков Бүркіт аға «Ерен еңбегі үшін» медалімен, ауданымыздан шыққан ірі кәсіпкер Жамбыл Әлиев «Құрмет» Орденімен, аудандық мәслихаттың депутаты, жеке кәсіпкер Бағлан Сүгірбаев Мемлекет басшысының Құрмет грамотасымен марапатталды. Жерлестеріміздің мемлекеттік наградалары құтты болсын. Еліміз өркендей берсін. Ынтымақ бірлігіміз арта түссін.

Нұржамал МАЙУСОВА,
Аудандық мәслихаттың депутаты.
Журналист.



Құттықтаймыз!

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы, зейнеткер, Әбуәкір Сахиұлы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігінің «Еңбек Ардагері» медалімен марапатталды. Медалді Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі Е.Қарашөкеев салтанатты түрде табыс етті!

Марапат құтты болсын!

«Сөзақ үні»-ақпарат.



Берібек болды. Сондай-ақ, демеуші есебінен берілетін көмірді үлестіру құқықын мемлекеттік сатып алу жолымен жеңіп алған кәсіпкер Әуесханов Нұрлан осы екі-үш күн бойы әлгі 380 отбасына лайықты қызмет көрсетті. Ә, айтқандай көмір тасымалдаушы жүк көліктерінің тасымалға алатын ақысын да «Инкай» БК» ЖШС-гі өз мойндарына алды. Иә, көпшілік болған жерде, жұмыс болған жерде кемшілік кетуі заңдылық. Алайда, ауыл әкімі Әділ Елібаевтың:

*Білімдіден не пайда,
Білгенін көпке айтпаса.
Үйреткеннен не пайда,
Қайырымы қайтпаса.*
Қазақ жазуы тарихында алғашқы әдебиет зерттеуші ғылым, қазақ тілі білімінің атасы Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылы 5 қыркүйекте қазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданы, Сарытүбек ауылында дүниеге келген. Қазақ халқының 20 ғасырдың басындағы ұлт-

майды. Заманының әділетсіздігі, содан туатын көңіл күй әсерлері Ахметтің «Жауға түскен жан сөзі», «Бақ» сияқты өлеңдерінде мейлінше шыншылдықпен, ойлы талғаммен суреттелген.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ балаларын ел қатарына қосылып, білім алуына 1896 жылдары көңіл бөле бастады. 1905 жылдары Ресей «Кіндік үкіметіне» жазылған шығармаларында редакто-

Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ жазуы

азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, Алаш Орда өкіметінің мүшесі, ағартушы, аудармашы, мемлекет қайраткері, ұлттық жазудың реформаторы. Өз заманының ағысына қарсы тұра білген қайраткер. Қазақ халқының рухани көсемі болып, білім алуға және бұқараны ағартуына шақырған.

Қазақтың қазақ бола білуіне кеудесіндегі жанын да аямаған. Халық үшін, халықтың мәдени-әлеуметтік болмысын көтеру үшін қызмет еткен.

Қазақтың рухани көсемі атанған Алаш ардақтысы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының тұрғанына биыл 150 жыл толып отыр. Өз кезеңінде «Қазақтың Ахаңы» деген мәртебелі ата ие болған Ахмет Байтұрсынұлының ұлтына сіңірген ұланғайыр еңбегі әр саладан көрінеді. Ол—ең бірінші, қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашуына көп күш жұмсаған ағартушы, Ең алғашқы «Әліппе» оқулығының авторы, екіншіден, қазақтың әлеуметтік өмірінің барлық саласына назар аударған ірі публицист, қоғам қайраткері, үшіншіден, өнер иесі — ақын, қазақтың тілін ғана емес, әдебиетін де зерттеген ғалым және халықтың тез сауаттанып хат тануы үшін араб жазуын реформалап, ұлттық деңгейге көтерген бірегей тұлға.

Қандай ұлы адамды алсаңыз да, оның ұлылығы, ең алдымен, туған халқына деген көзқарасынан танылады. Ол сол ортадан шығып, халқын ілгері бастауды армандайды, бірақ оны соңынан ерте алмай, күйнеді, оған ашу—ызасын арнайды, айналып кете алмай, орала береді.

Күрес жолында кездескен қиындықтар, жазықсыз қамау түрме жағдайындағы өмір мен оның мәні, күрестің мазмұны мен мақсаты жөнінде ойландырмай қой-

ры болып «Қазақ» газетін шығарып, оның бетінде мәселелер көтеруінен, қазақ балаларын ана тілінде сауаттандырып, әрі ана тілінде оқыту үшін жүргізген күрестің, ең соңғысы сол ана тілінде оқытатын оқулықтар жазуынан, халық ағарту кадрларын дайындап, жас қазақ интеллигенциясы өкілдерін баулуынан танылады.

Ахмет Байтұрсынұлы әліпбиі, яғни төте жазуы 1912 жылдардан бастап қолданысқа енгені белгілі. Төте жазудың басты ерекшеліктерін айта кететін болсақ, қазақ тіліне сәйкес келмейтін басы артық әріптерді әліпби құрамынан алып тастады, араб жазу заңдылығына сәйкес таңбаланды.

Қорытындылайтын болсақ, Ахмет Байтұрсынұлы қазақ балаларының әйтеуір көзі ашылып, сауатты болуы ғана емес, тек ана тілінде сауаттануын, содан соң барып өзге ұлт мәдениетіне, тіліне қол созуды принципті талап етті. Яғни халықты ағарту мектептен, баладан басталады. 1913 жылдың өзінде ол «Қазақ» газеті мінбесін пайдаланып, қазақ қоғамына оқу-білімінің қажеттілігін халықтың экономикалық тұрмыс жағдайымен байланыстырып дәлелдейді. Ахмет Байтұрсынұлының құрметіне Қазақстанның көшелері мен мектептері, тіл білімі институты, Қостанай қаласындағы университет аталды және көрнекті қайраткердің құрметіне мұражай үйі мен ескерткіші ашылды.

Жолан БИБІНҰР,
Сөзақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Тілдерді оқыту және дамыту орталығы» КММ-де жастар тағылымдамасы бойынша ағылшын тілі маманы.

Жылдағы дәстүр бойынша демеушілік жасады

Жаз маусымының соңғы айы тамыздың 1 күні жылдағы дәстүр бойынша жағдайы төмен отбасыларға тегін үлестірілетін екі тонна көмірге өтініш берушілерді саралайтын комиссияның отырысы басталып, бір жетіге созылып аяқталған болатын. Сол комиссияға қоғамдық бақылаушы ретінде отыруға Шолаққорған ауылының әкімі Әділ Елібаев шақырған соң Парасат алаңының төрағасы ретінде мен, Данияр Бек және мүшелеріміз Шалмұхамбетов Мүсір аға мен Біржан Саржан барғанымыз бар еді. Жалпы, бұл тегін көмір 2014 жылдан бері үлестіріліп келеді. Бұл жайында газетіміздің бытырғы бір нөмірінде, ауылымыздың бұрынғы әкімі, ауданымыздың Құрметті азаматы Пардабек Сақтапбергәнұлымен болған сұхбатымда тоқталып өткен болатынмын. Егер жаңылыспасам Пардекөң ауыл әкімі боп сайланғаннан кейін «Инкай» БК» ЖШС-не барып, кәсіпорын басшыларын демеушілік жасап Шоллаққорған ауылының 150 жағдайы төмен отбасыларына 2 тоннадан көмір беруге көндіреді. Содан бері міне биыл 6 шы жыл қайырымдылық шара жалғасын тапқалы отыр. Әрине, өмір болған жерде өсім бар деп, ауыл тұрғындарының санының артуына байланысты демеушілік жолымен берілетін қатты отынның көлемі де жылдан жылға артып келеді. Мәселен, бұдан бірер жыл бұрын тегін көмір алушы әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың саны 250 отбасын құраған болса, биыл оның саны 380 отбасыға жетті. Нақтырақ айтсам, демеуші есебінен берілетін қатты отын алуға өтініш білдіруші азаматтардың саны биыл 700 ге жеткен. Дегенмен, биылға бөлініп отырған көмірдің көлемі бар-жоғы 380 отбасына ғана жететін болғандықтан Шолаққорған ауыл әкімдігінің әкімі мен қызметкерлерінен және аудандық мәслихаттың депутаттарынан құралған комиссия мүшелеріне таңдау жасау оңайға соқпады. Олай дейтінім, неше жылдан бері осы көмірдің дәстүрлі түрде таратылып жүргенінен хабардар болса да ауыл тұрғындарының көпшілігі бұл қайырымдылық шара-

ның мемлекет тарапынан емес, демеуші есебінен жүзеге асып жүргенінен хабарсыз боп жатты. Міне, жерлестеріміздің осы бір немқұрайдылығы мен ақпаратқа қанықсыздықтары комиссияның жұмысын біраз тежеумен болды. Себебі, шынайы ақпаратқа қанықпаған отбасының әлеуметтік жағдайы төмен азамат-азаматшаларының көпшілігі: «Мен ештеңе білмеймін, бытыр алғанмын, биыл да аламын; Менің үйімде мүгедегім бар, демек маған тиесілі» деумен болды. Ал енді, өтініш берушілерге қойылған негізгі талап олардың нақ сол кезеңде отбасының күн көрісінің төмен болуы еді. Әйтпесе, үйінде бір немесе бірнеше мүгедегі бар, бірақ, отбасының табысы жоғары болмаса тегін көмір алушыларға қойылатын талаптан жоғары еді. Әрине, көптің көңілін табу қиын әрі үлкен жауапкершілікті талап ететін іс. Дегенмен, бұл жолғы комиссия мүшелері мейлінше әділетті болуға тырысып бақты. Нәтижесінде, бір жетіге жуық жалғасқан комиссия отырысы өз миссиясын тәмамдап, өтініш білдірген 700 тұрғынның ішінен 380-лайық көріп, екі тоннадан тегін көмір алушылардың тізімін бекітті.

Сонымен, араға екі ай уақыт салып «Инкай» БК» ЖШС жариялаған мемлекеттік сатып алудың нәтижесінде Әуесхановтар жеңімпаз деп табылып, Қазанның 17күні ауылымыздың 380 әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларына тиесілі 760 тонна қатты отын темір жол бойындағы тұйыққа түсіріліп, жоғарыда айтылған комиссияның қадағалауымен үлестіріліп бастады. Не керек, жылыту маусымынан жылы шықсын деп, ауылымыздың тұрмысы төмен отбасына демеуші есебінен көмір үлестіру қайырымдылық шарасы 3 күнге созылды. Көмірді үлестіру комиссиясының құрамына: «Инкай» БК» ЖШС-нің меңеджерлері Бекжанов Самат пен Сейтманов Нұрлан, Шолаққорған ауыл әкімдігінің басшысы Әділ Камалұлы, мамандары Адырбек Сәуленбек, Избалаев Махан мен әлеуметтік маман Қожабаева Айгүл және Парасаттықтар: Данияр Бек, Біржан Саржан және Еркебұлан

«Парасаттықтар, сіздерге көп-рахмет! Қоғамдық бақылаушы ретінде осы бір қайырымдылық шараның басы-қасында жүрген сіздердің жанашырлықтарыңыз, жауаптылықтарыңыз себепті биылғы комиссияның отырысы да, бөлінген көмірді үлестіруде жылдағы қарағанда жоғары деңгейде өтті» дегеніне қарағанда біздер, Парасаттықтар да қоғам алдындағы өз міндетімізді мейлінше лайықты атқардық деп ойлаймын. Айта кету керек, қайырымдылық шараның соңына таман «Инкай» БК» ЖШС-нің өкілі Нұрлан мен Парасат мүшесі Біржан Саржан екеуі әлеуметтік көмірді алған біраз азамат-азаматшалардың үйлеріне барып қайтты. Мақсаттары, демеуші есебінен берілген көмірді алған ауыл тұрғындарымен пікірлесіп, ояларын білу және фото-видеофиксация жасау еді. Тағы бір қоса кететін жәйт, жалпы «Инкай» БК» ЖШС-гі үлестірген 380 тоннадан бөлек, тұрмысы төмен (қосымша тізімдегі) тағы да 20 отбасына аудан әкімі мен Әуесханов Нұрланның демеушілігімен 40 тонна тегін көмір үлестірілді.

Осы ретте, қоғам жанашыры әрі ауыл азаматы ретінде «Инкай» БК» ЖШС-нің басшылары мен жұмысына, аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлына және Әуесханов Нұрлан Әділ Камалұлы мен командасына ауыл халқының атынан алғысымды айтып, ризашылығымды білдіргім кеп отыр. Мынадай, қаржы дағдарысы мен қымбатшылық екі өкпеден қысқан заманда тұрмысы төмен отбасыларға екі тонна қатты отынмен болса да көмек қолын созудың өзі үлкен азаматтық деп білемін. Мұны мен осы бір қайырымдылық шараның басында жүрген бақылаушы азаматретінде айтып отырмын. Сонымен, сөзімді: «Адамға сүру үшін өмір керек, ал үйдің жылуы үшін көмір керек!» деген сөзбен аяқтағым кеп отыр. Олай дейтінім, толық отбасы болуы үшін бір жанұяда ата-ана мен бала-шаға болуы керек сияқты, қыс маусымында да сол отбасын ұйытып, жылы ұстау үшін әрбір отбасыға ошақтың жылуы қажет.

Данияр БЕК.

Созақ ауданы тұрғындарының назарына!

Созақ аудандық Қоғамдық кеңес мүшелері 2022 жылдың 3 қараша күні қоғамдық қабылдау өткізетіндігін хабарлаймыз!

Өтетін орыны; Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Созақ аудандық мәслихатының мәжіліс залы. Басталуы сағат 10:00 де

Қосымша сұрақтар бойынша байланыс нөмірі; +77756006400, эл.почта; sozak_k.kenes@mail.ru

Созақ аудандық
Қоғамдық кеңес төрағасы **М.Сапаров.**

Қоғамдастық жиыны өтеді!

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы «Әкімшілік аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, көшелерге атау беру оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидалары туралы» №138 Қаулысына сәйкес,

Созақ ауылдық округі әкімі аппаратының мәжіліс залында 28 қараша 2022 жылы сағ: 11:00 де қоғамдастық жиыны өтетінін хабарлаймыз.

Күн тәртібіндегі мәселе Созақ ауылдық округі, Созақ, Көктебе, Ыбырай елді мекендеріндегі атауы жоқ көшелерге атау беру мәселесі қойылған.

**«Созақ ауданының, Созақ ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ.
Байланыс телефоны: 3-15-81, 3-15-36.**

«Браконьер» өңірлік жедел-профилактикалық іс-шарасы

Браконьерлікті, биологиялық ресурстар объектілерінің заңсыз айналымын анықтау және жолын кесу мақсатында, Қазақстан Республикасы ІІМ-нің жедел-профилактикалық іс-шаралар және арнайы операциялар өткізудің 2022 жылдың 4 тоқсанына арналған кестесінің 6 тармағына сәйкес және Түркістан облысы ПД-нің талабын орындау мақсатында, Созақ ауданы аумағында 2022 жылғы 20 қазан мен 19 қараша аралығында «Браконьер» өңірлік жедел-профилактикалық іс-шарасы өтуде.

**Т.ЖЫЛҚЫБАЕВ,
Созақ АПБ-нің ЖПҚ-нің бастығы,
полиция майоры.**

Нұрлы бейнең жүректерде сақтаулы

Тайқоңыр ауылының тұрғыны ардақты әке, аяулы жар, асыл азамат **Маханов Нұртас Бектасұлының** өмірден озғанына жылдың жүзі болып қалды.

**Мейір шуақ шашып өттің көңілден,
Еңбегіңмен таптың бақыт өмірден.**

**Сыйлы едің көпшілік жұрт, туысқа,
Өнеге ап өсті ұрпақ өзіңнен.**

Енді Алла шапағына бөленіп,

Орның болсын жәннәттің кең төрінен,- деп, әкеміздің жарқын бейнесін сағынышпен еске ала отырып, рухына бағыштап жылдық асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жегжат, қызметтестерінің және дос, жора-жолдас-тарының есіне саламыз

Ас -6 қараша Созақ ауылы, «Тарса» мейрамханасында сағат 12:00 беріледі.

**Асқа шақырушылар: жұбайы -Жанар,
ұл -қыздары, Махановтар әулеті.**

Асқа шақыру

Шолаққорған ауылында тұрып ғұмыр кешкен **Шуақбаева Ырысты Әштайқызының** дүниеден озғанына қырық күннің жүзі болып қалды. Ардақты жанның нұрлы бейнесі жүрегімізде сақтаулы.

Ардақты едің бәрімізге қадірлі.

Өн бойыңда тұрғаны еді бар үлгі,

Өмір деген өтпелі зой өтпелі,

Ағайын-туыс бір өзіңді сағынды,- деп марқұмды сағынышпен еске алып Шолаққорған ауылы Жынысбаев көшесі 39 –шы үйде **5-қараша күні (қонағасын), 6 қарашада марқұмның қырық күндік асын** өткізетіндігімізді хабарлаймыз.

Асқа шақырушылар: Шуақбаевтар әулеті.

«Созақ ауданы әкімдігінің жер қатынастары» мемлекеттік мекемесі 2022 жылдың 08 қараша күні сағат 11-00 де <https://e-auction.gosreestr.kz/> веб порталы арқылы сауда-саттықтың Жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттық (аукциондарды) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында электрондық түрде жер учаскелерінің меншік құқығын сату аукционын өткізеді

Сауда-саттықтың ағылшын тәсілі бойынша аукцион өткізу шарттары.

Ұйымдастырушы объектіні бастапқы бағасы мен бағаның ұлғаю қадамын хабарлайды. Аукционға қатысушылар жарияланған қадам бойынша бағаны көтереді. Объект бойынша сауда-саттық объектінің ең жоғарғы ұсынылған бағасына дейін жүргізіледі. Егер объект бойынша сауда-саттық қатысушылардың саны екіден кем болмаса, сауда-саттық өткізілді деп есептеледі.

Жер учаскелерін сату шарттары: нысаналы мақсатына сәйкес пайдалану, игеру шартын жасау, объектісін жобалау үшін сәулеттік жайғастыру тапсырмасын алу, сервитуттар беру, жер төлемін уақытылы енгізу.

Ауыртпалықтар (шектеулер): инженерлік коммуникациялардың қорғау аймағын сақтау және оларды жөндеу және қызмет көрсету үшін кедергісіз кіру мүмкіндігін беру.

Қосымша шарттар: құжаттардың бастапқы пакетін рәсімдеу бойынша шығын сомасын сатып алушымен өтеуге жатады.

Сауда-саттықта анықталған учаскенің құны: 15 (он бес) %-ын құрайды, бірақ 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен кем болмайды және 30 (отыз) мың АЕК-ден аспайды.

Өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: Аукционға қатысушыларды тіркеу хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және аукцион басталғанға дейін 20 минут бұрын аяқталады. Өтінімдерді қабылдау және тіркеу мерзімі аяқталғаннан кейін түскен өтінімдер қабылданбайды.

Аукционға қатысушы ретінде тіркелген үшін: аукционға қатысуға өтініш, тұлғасын куәландыратын құжат, кепілдік жарна енгізілгенін растайтын төлем құжатының көшірмесі, өкілдің өкілеттігін куәландыратын құжат ұсынылуы қажет. Заңды тұлғалар қосымша нотариалды расталған Жарғының және заңды тұлғаны тіркеу туралы куәліктің көшірмелерін ұсынады. Төлемнің бастапқы бағасының нысаны мен шарттары:

Қатысушылар кепілдік жарнаның кез-келген санын енгізу құқығы, бірақ бір кепілдік жарна бір жер учаскесін сатып алуға құқық береді.

Аванстық төлем сатып алу-сату шартына қол қойылған күннен бастап бес банктік күннен кешіктірілмей мерзімде аукцион барысында белгіленген бағаның 15 (он бес) %-ын құрайды, бірақ 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен кем болмайды. Кепілдік жарна тиісті аванстық төлем есебіне алынады;

Кепілдік жарна <https://e-auction.gosreestr.kz/> веб порталында (IBAN/ИИК) в АО «Народный банк Казахстана»: KZ946017111000000330; БИК:HSBKKZKX; КНП:171; Кбе: 16.

Анықтама үшін телефоны: 8/72546/ 4-27-69

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 15 қазандағы №290 бұйрығы, Созақ ауданы аумағынан сауда-саттыққа (аукционға) түсетін жер учаскелерінің ТІЗІМІ

№	Орналасқан жері	Нысаналы мақсаты	Көлемі, га	Құқық түрі	Аукционды өткізу тәсілі	Жер телімінің бастапқы (төменгі) бағасы теңге	Кепілдік жарна бастапқы соманың 15% бірақ 50 АЕК төмен болмауы керек
1	Созақ ауданы Сызған ауылы	Бала-бақша ғимараты үшін	0,2100 шм	жекеменшік	Электрондық түрде	258 300	153 150

Созақ аудандық жер қатынастары бөлімі.

Хабарландыру

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының сыбайлас жемқорлыққа

қарсы іс-қимыл жөніндегі 2019-2020 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

С.Қожанов №15 мекен-жайында, 2022 жылдың қазан айының 27 жұлдызында «Ашық есік күні» өтетіндігі туралы хабарлаймыз.

Созақ аудандық СЭББ.

Сыбайлас жемқорлық қоғам дерті

Өздеріңізге белгілі Мемлекет басшысы 1 ақпандағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі кеңесте «Жемқорлық-індет, онымен күресу-міндет деген қағиданы жұрт санасына орнықтыру-барлық мемлекеттік органның ортақ жұмысы. Бұған бір реттік науқан ретінде қарамау керек. Азаматтар арасында ақпараттық түсіндіру жұмысын күшейтіп, жүйелі түрде жүргізу қажет», - деп нақтылап айтты.

Біздің басты ұстанымымыз-Әділет пен заң үстемдігін орнату. Елімізде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін жауапкершілік артып, жүйелі жұмыстар нәтижесімен жыл сайын коррупция үшін жауапкершілікте күшейіп келеді.

-Бірінші басшының тікелей бағынышты тұлғасына қатысты соттың айыптау үкімі күшіне енгеннен соң күнтізбелік 10 күн ішінде немесе ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық іс тоқтатылғаннан кейін отставкаға кетуі міндеттелді.

-Парақорлық үшін бас бостандығынан айыру мерзімі 15 жылға дейін ұзартылды. -Құқық қорғау органдары мен соттарға қылмыстық жауаптылық қатаңдады.

-Жемқорлар үшін мемлекеттік қызметке өмір бойына тыйым салынады.

-Ауыр жемқорлық қылмыстары үшін түрмеден ерте босату шектелді.

Жемқорлыққа қарсы саясат 3 негізгі кешенді бағыттан тұрады: Халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу, мекеме қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу және қылмыстық тергеп-тексеру. Бастапқы 2 бағыт бойынша тиісті жұмыстар өз деңгейінде атқарылмаса, дер кезінде алдын алмаса жемқорлық салдарынан көптеген адамның жарқын келешегіне балта шабылуы әбден мүмкін.

**Мұрагер БИХАН,
Қарақұр ауылдық округі әкімі аппараты бас маман заңгері.**

“AMANAT” партиясының кезектен тыс XXIV съезінде “AMANAT” партиясының жаңа саяси тұғырнамасы қабылданған болатын. Тұғырнаманың Азаматтық қоғам-дамудың кепілі екінші бөлімінде “AMANAT” партиясы тарихымызды дәріптеу, руханиятымызды жаңғырту бағытындағы бастамаларды ары қарай да жалғастыра береді. Бұл- біздің ұлтымыздың, халқымыздың алдындағы перзенттік парызымыз. Қазақ тарихындағы барлық ақтаңдақтардың бетін ашып, ұлт өміріндегі тағдыршешті кезеңдер мен оқиғаларға тиісті, лайықты баға беретін уақыт жетті деп айқындалған. Шынында да саяси Тұғырнамада айтылғандай Руханият-ұлттың мәйегі.

“AMANAT” партиясының Атқарушы Хатшысы Асхат Раздықұлы Ораловтың Түркістан облысына іс сапарында зиялы қауым өкілдерімен кездесуінде Қызқорған, Балақорған тарихи ескерткіштерін қорғау, мемлекеттік тізімге алу мәселесі көтерілген болатын. Асхат Раздықұлы бақылауға алып тапсырмалар берілді. Түркістан облыстық партия жанындағы “Miras” азаматтық қоғам мен мәдениетті дамыту жөніндегі қоғамдық



РУХАНИ ЖАҢАРУ-ТАРИХТЫ ДӘРІПТЕУДЕН БАСТАУ АПАДЫ

кеңестің атынан және облыстық Мәдениет басқармасына депутаттық сауал жолданды. Сонымен қатар, облыстық “Miras” қоғамдық кеңесінің кезекті отырысында кеңес мүшелері аталған тарихи ескерткіштерді аралап көшпелі жиындар өткізуді жоспарлаған еді. Бүгін жоспарға сәйкес қоғамдық кеңестің көшпелі отырысы Созақ жерінде басталып, ҚЫЗҚОРҒАН, БАЛАҚОРҒАН қамалдары басында аяқтадық.

Қасымыздағы жол көрсетуші қорықшы Оразбеков Темірхан саяпылдап бұл жердегі әр жотаның тарихы бар деп қызықтыра түсуде. Браконеерлерлер туралы да қызық естеліктерін ара-арасында еске алып қояды. «Жоңғар шапқыншылығы кезінде пайда болған төрт бұлақ бар, қазір соны басып өтеміз» деді. Жоңғарлар бір батырдың жүйрік атын қолға түсірмекші болып қуалап келе жатқанда жүйрік ат жаудың қолына түспеу үшін таудан секіріпті, төрт таяғы тиген жерден төрт бұлақ атылып шығып, сол жер «Айғыр ұшқан» аталып кетіпті деді. Аттың иесіне адал болған қасиеттілігіне таңқалдық.

Қиялап жүріп келеміз. Көп болса сағатына 20 шақырым жылдамдықпен жүріп келеміз. Жолай келе жатып қорықшы Қызқорған туралы сан түрлі аңыздарды қозғады. Қорықшының көлігі жартастың төменгі жағына тоқтады: «Енді жаяу тартамыз, соңынан ілесіңдер» деді. Терлеп-тепшіп ілесіп келеміз. Кім күнде тауға шығып жүр дейсіз...

Балақорған және Қызқорған тарихи ескерткіштері Сауран ауданына қарасты Серт ауылынан 34 шақырым солтүстік-шығыста, Қаратаудың Қызылсай шатқалында орналасқан. Бекіністер XI-XII ғасырларда пайда болып, XV-XVIII ғасырларға дейін

қызмет еткен деп саналады. Екі ескерткіштің арасы 500 метрдей, ортада өзен ағып жатыр. Созақ-Түркістан қалаларын жалғайтын көне керуен жолының бойында тұр. Қызқорған бекінісі Қаратаудың тақтатастарынан (плитняк) тұрғызылған. Қорғанның пішіні 85x80 м болатын қисық шеңберге ұқсайды. Қалыңдығы 1,5-2 м болатын бекініс қабырғасына тақтатастар қиюластырып қаланған. Оңтүстік және оңтүстік-батыс жағындағы қабырғасы 1 метрдей болса, батыс жағындағы қабырға толғымен жойылған. Қабырғаларында атыс ойығы бар. Тастан үйілген обалардың аумағы 4-15 м. Олар тізбектеліп оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай созылып жатыр. Олардың қазіргі сақталған биіктігі 2,5-3 метр. Қамал ішінде көптеген бөлме орындары болғаны байқалады. Қызқорған қамалын 1980 жылы К.А.Ақышев бастаған археологтар тапса, 2005 жылы ХҚТУ ТАЭ жетекшісі М.Елеуов басқарған экспедиция ашып, зерттеген. Бекініске арнайы кіріп-шығуға арналған есікке орын қалдырып, қақпа тәрізді тастармен өрген. Оған кіретін, екі жағы таспен қаланған есік шығыс қабырғада орналасқан. Батыс қабырғаның ішкі жағында бұлақ бар. Қорған ішіндегі үйлердің жазық шатыры бекіністі жаудан қорғағанда атыс галереясы ретінде қызмет еткен. Аршылған бөлмелердің мәдени қабаты шағын, онда саздан жасалған құмыра ыдыс, құм, құмыраның кесінділері табылған. Уақытын белгілейтін және бекіністің қызмет атқаруының негізгі кезеңін анықтайтын XV-XVI ғасырларға жататын 2 тиын табылған.

Балақорған бекінісінің құрылысы да тақтатастан қаланған. Пішіні кескіндемесі жағынан тау мүйісінен

шығынқы, трапецияға ұқсас, оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай бағдарланған. Солтүстік-батыс қабырғасы тік жартас жарқабағына салынса, солтүстік-шығыс жағы таулармен қоршалған. Бекіністің оңтүстік-шығыс және оңтүстік-батыс жағы едәуір қорғалмаған, әлсіз қыры болған. Сондықтан, оңтүстік-батыс қабырғасында екі деңгейлі тікбұрышты мұнара орналасқан. Бекіністің өлшемі-75x37 м, қабырғасының биіктігі - 3-3,5 м. Бекіністің солтүстік бөлігінде бір типтес алты тұрғын бөлме қазылып алынған. Бұлар қарауыл бөлмесі ретінде қызмет атқарған бөлмелер. Бір бөлменің қабырғасы Қызылсай шатқалына кіре берісіне қараған, ені 1м дейін атыс ойығы бар. Ол күзетуге, не бақылауға арналған. Аршылған бөлмеден құмыра мен құмыраның кесінділері бар аздаған мәдени қабаты табылған. Қамал-қорған туралы ел аузында түрлі аңыз-әңгімелер көп. Оның ішінде Түркістанда билік құрған хандардың жазғы ордасы болуы әбден мүмкін деген де деректер кездеседі. Негізінде қазақ үшін қыздарының ар-ұяты, тазалығы жоғары болған. Қыздың арын таптатпаймын деп талай қазақ жаудың қолында жан тәсілім еткен. Балақорғанға келсек, жоңғарлар әрбір жорығы алдында бір кішкене баланы құрбандыққа шалып отырған. «Артымда ұрпақ қалсын» деген бабаларымыз балаларын осында, ауылдан аулақ көз таса етіп қорған ішінде жасыруға мәжбүр болған. Дегенмен, қос ескерткіштің де Түркістан шұратындағы Қаратаудың теріскей бөктерінен (Дешті Қыпшақ) Қызылсай шатқалымен керуен жолын күзететін және бақылайтын әскери тірек ордасы болғанын археологиялық матери-

алдар растайды. Бүгінгі көшпелі жияын - тау қойнауында жатқан көне ескерткіштерді келешекке мұра етіп жалғастырудың бастамасы. Ұлдары мен қыздарын қорғаштап, жаудан таса жерге жасырғанының куәсі осы тастардан қаланған ҚЫЗҚАМАЛ-ҚЫЗҚОРҒАН мен БАЛАҚОРҒАН қамалдары. Кеңес мүшелері, ғалымдар құлағымызбен естіп жүрген тарихи ескерткіштерді қолымызбен ұстап, көзімізбен көріп қайттық. Елдің тарихы мен өткенінен сыр шертер халықтың ұлттық, тарихи, рухани байлығын, елдің өткені мен бүгінін саралайтын, сол арқылы келешек ұрпаққа тәлім-тәрбие беруде маңызы зор. Тарих қатпарларын таныту арқылы қазіргі заманғы жаһандық және интеграциялық үдеріс жағдайында туған өлке тарихының отаншылдық қасиетті ширата түсудегі маңыздылығын насихаттаудың жүйелі жоспарын жасауды қажет етеді. Ел экономикасын дамыту үшін елді мекендердің орналасу жағрафиясына сәйкес облыс өңірінде туризмді дамытуды күшейту қажет. Алда қоғамдық кеңестің жоспарын кеңейтіп, ел мен жер тарихын дәріптеу, тарихи жер-су атауларын қайта қалпына келтіру мәселесін көтеріп, ономастикалық комиссияға ұсыныстар беруді қолға алу күн тәртібінен түспейтіндігін топшыладық. Алға қойған мақсатты орындау азаматтық парызымыз.

Қалыйма ЖАНТӨРЕЕВА,
«AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалы Атқарушы хатшысының орынбасары,
Түркістан облыстық мәслихатының депутаты, Түркістан облысының Құрметті азаматы.

Сенімгерлік басқарушы:

“Agro-sozak” ЖШС

Меншік иесі-

“Созақ үні” газеті редакциясы”
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
БАКЫТЖАНОВИЧ

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы:

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терішші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады

Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:
161000, Шолақорған ауылы,
С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30
(факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3800 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.